№12 Бәйтерек бобекжай- бақшасы.

БЕКІТЕМІН:
«Бәйтерек » б/б
меңгерушісі: Кенжебекова З.Н.

«2025-2026 оқу жылының жылдық есебі»

Психолог: Иуалдашева А.Ф

2025-2026 оқу жылы

№12 «Байтерек» бөбекжай бақшасының педагог-психологі
2025-2026 оқу жылындағы психологиялық қызмет жұмысының есебі

2025-2026 оқу жылына арналған педагог-психологтың жылдық жұмыс жоспары
2025 жылдың 28 тамыздағы №1 педагогикалық кеңестің шешімі негізінде бекітілді

Мақсаты: Балалардың толыққанды психикалық дамуы үшін жағдай жасау

Міндеттері:

1. Балалардың балабақшаға қолайлы бейімделуін қамтамасыз ету;
2. Балалардың танымдық ауқымын (еміс-еміс, есте сақтау, зейін, ойлау) даму деңгейін мен ерекшеліктерін анықтау, сонымен қатар эмоционалық ерік-жігерін дамыту;
3. Тәуекел тобындағы балаларды психологиялық түзету (гиперактивті, агрессивті, мазасызданған, аутистикалық және т.б.);
4. Баланың мектептегі оқуға психологиялық дайындық туралы ата-аналар мен педагогтерді ағарту;
5. Педагогтар мен ата-аналардың психологиялық білімге қажеттілігін, оларды бағыпын және оған дамыту үшін пайдалану тәсілін қалыптастыру

Жұмыс бағыттары:

1. Психологиялық диагностика
2. Психологиялық консультация
3. Психологиялық түзету- дамыту жұмысы
4. Психологиялық алдын алу және ағарту жұмысы

Жұмыс түрлері:

- Бақылау
- Әңгімелесу
- Сауалнама алу
- Түзету-дамыту сабақтары
- Тренингтер
- Консультация
- Семинарлар
- Кеңестер
- Жадынамалар
- Буклеттер

2025-2026 оқу жылына жоспарланған психологиялық қызметтің түрлері төмендегідей:

- топтарды бақылау;

- балалардың балабақшаға бейімделуі туралы көрістер (педагогтар мен ата- аналарға);
- ортаңғы топ балаларының зияткерлік даму деңгейін диагностикалау;

- төрт жастағы балалардың құрастыру, модельдеу әрекетінің даму деңгейін диагностикалау;
- ортаңғы топ балаларының мазасыздық деңгейін диагностикалау;

- ересек топ балаларының таным процестерін диагностикалау;

Қыркүйек айында барлық топқа жаңадан келген балаларына «Баланың мектепке дейінгі мекемеге бейімделу деңгейін диагностикалау (А.С Роньжина)» бақылау жүргізіледі

Қазан айында ересек топ балаларымен танымдық процестерінің дамуын диагностикалау(Н.Н Павлова, Л.Г Руденко «Балабақшадағы экспресс диагностика)жүргізіледі

Балаларының эмоционалдық дамуын диагностикалау (В.Л.Шарохина) қаңтар айында өткізілді.

«Ең үлкен топты»анықтау мақсатында барлық топта балалардың мазасыздығын, агрессивтігін, гиперактивтілігін зерттеу(«Поровоз», «Отбасы суреті», «Өмірде жоқ жануар») ойындары мен сурет салу арқылы диагностика жүргізілді. Нәтижесінде «Айгөлек» ортаңғы тобы ең үлкен топ деп анықталынып тәрбиеленушілерімен жұмыстар жасалынылды.

Қаңтар айында ата аналармен «Жануарлар отбасы» суреттік тест алынды.

Мақсаты: Ата-аналардың балаларының жануарлар отбасы тақырыбын түсіну деңгейін, эмоционалды реакциясын және отбасы мен әлеуметтік қатынастарға деген түсінігін анықтау болатын.

Аз педагогтермен « IT балабақша» пилоттық жобасы аясында педагогтермен кеңестің құралдарын меңгеру жұмыстары жүргізілді.

Сонымен қатар ақпан айында « Педагогикалық қарым-қатынас стилі» сауалнамасы өткізілді.

Ақпан айында ересек топ балаларымен дарынды балалар диагностикасы (Ү.Б.Жексенбаева, Ш.А.Кирибаева) жүргізілді. Нәтижесінде ересек топ балалары арасынан дарынды балалар анықталған жоқ.

Танымдық процестерінің даму деңгейін диагностикалау (В.Л.Шарохина) наурыз айында кіші топтардың балаларымен жүргізілді.

Ата-аналарға «Сіздің балаңыз мектепке дайын ба?» сауалнамасын сәуір айында ересек топ ата-аналарымен өткізілді. Сонымен бірге балалармен мектеп туралы әңгімелесу болды.

Балабақшалағы, топшылық ата-аналар жиналыстарына жоспарға сай кеңестер, баяндамалар тақырыпталды.

Сұраныс бойынша балабақша қызметкерлеріне ұсыныстар, кеңестер берілді. Педагогтың,баланың, ата-анасымен қатысуының өзіндік ерекшеліктері бар.Ата-ананың өз баласына деген сүйіспеншілігінен тәрбиешінің қызығы меңгалабын шектентыссубъектиаті деп қосады.Ата-ананың өз баласының кейбір қылығы іс- әрекеті тәрбиеге сай келмесе, ол педагогке деген көңіл толмаушылыққа әкеліп соғалы, ал оған тәрбиешінің немқұрайлығы қосылса, оның нәтижесі балабақшаға деген кері көзқарасты туғызуы мүмкін. Сол мәселеге байланысты жыл бойы жеке ата-аналармен кездесіп, барынша кеңес беріп отырдым. Педагогтармен жүргізілген ақыл кеңестік жұмыстар ретіне келер болсақ, жаңа оқу жылына психологиялық ахуалын жасарту, көңіл-күйлерін көтеру мақсатында тренингтер өткізілді.

Сонымен қатар жыл бойына психологиялық профилактика және ағарту жұмыстары жүргізілін ; жадынамалар мен буклеттер дайындалды.

Педагогикалық кеңестерде ортаға қолайлы жағдай туғызу мақсатында педагогтармен түрлі психологиялық сергіту жаттығулар жүргізілін, тағы да басқа ұсыныстар бойынша кеңестер берілді.

Сонымен қатар, балабақша өміріндегі қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, мерекелерге арналған ертеңгіліктерде белсене қатыстым.

2025-2026 оқу жылының жылдық есебін қорытындылай келе, жоспар бойынша қойылған жұмыстар жүзеге асырылып, анықтама, хаттамалар толтырылды.

Педагог-психолог: Иуллашева А.Ф _____28.05.2026ж.

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ ҚОРЫТЫНДЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ

2025–2026 оқу жылы

Жалпы тәрбиеленушілер саны – 75 бала.

1. Тәрбиеленушілердің топтар бойынша бөлінуі

Топ атауы	Бала саны	Үлесі
«Балапан»	21	28,00%
«Айгөлек»	27	36,00%
«Гүлдер»	27	36,00%
Барлығы	75	100%

Диаграмма 1. Топтар бойынша тәрбиеленушілер саны



2. Топтар бойынша қорытынды пайымдық көрсеткіш

Топ атауы	Көрсеткіш	Бағалау
«Балапан»	90,4762%	Жоғары
«Айгөлек»	88,8889%	Жоғары
«Гүлдер»	96,2963%	Өте жоғары

Диаграмма 2. Топтар бойынша қорытынды көрсеткіш



3. Ерекше білім беру қажеттілігі бар тәрбиеленуші

«Гүлдер» тобында ерекше білім беру қажеттілігі бар 1 тәрбиеленуші бар. Тәрбиеленушіге психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету, даму динамикасын жүйелі бақылау және жеке қажеттіліктерінге сәйкес түзету-дамыту жұмыстарын жалғастыру ұсынылады.

4. Қорытынды

2025–2026 оқу жылында үш топта барлығы 75 тәрбиеленуші қамтылды. «Балапан» – 21 бала, «Айгөлек» – 27 бала, «Гүлдер» – 27 бала. Берілген қорытынды көрсеткіштер: «Балапан» – 90,4762%, «Айгөлек» – 88,8889%, «Гүлдер» – 96,2963%. Ең жоғары көрсеткіш «Гүлдер» тобында – 96,2963%.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар 1 тәрбиеленуші «Гүлдер» тобында. Жеке қолдау және ата-анамен бірлескен жұмыс жүйелі түрде жалғастырылсын.